

Павлодар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 28 қаңтардағы "2016 жылға арналған Павлодар ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы" № 57/418 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Павлодар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17 шілдедегі № 18/109 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 28 шілдеде № 5588 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7-бабы 5-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Павлодар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Павлодар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 28 қаңтардағы "2016 жылға арналған Павлодар ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы" № 57/418 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4918 болып тіркелген, 2016 жылғы 11 ақпандағы аудандық "Заман тынысы" және "Нива" газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Павлодар аудандық мәслихатының бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы, мәслихат хатшысы

А. Шайхимов